

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 1**

06.09.2021 ж

Жиналғандар саны -9

Күн тәртібі:

1.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысы

3.Оқу жылының басына балаларды бірінші рет диагностикалау Бастапқы мониторинг

4 Дене шынықтыру сауық кеші жоспарымен танысу, бекіту

5.Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту

6. Тәрбие сағаттарының күн тәртібін бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісінің уақытша қызметін атқарушы Р.Алтынбекова «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Шолу тексеру 04.09.21 ж өткізілді. Мақсаты: 1.Топтардың пәндік-кеңістіктік ортасының күйінің бағдарлама т және санпин талаптарына сәйкестігі;2. Балабақша тәрбиешілерінің құжаттамасымен танысу.3. Қоршаған ортаның еңбекті қорғау және қауіпсіздік, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарына сәйкестігін анықтау

Балабақша меңгерушісінің уақытша қызметін атқарушы Р.Алтынбекова барлық топта тәрбиешілер топты эстетикалық талапқа сай дайындаған, бала жасына сай керекті құралдарды жасаған. Топтар ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Балалардың еркін ойнап тұруы үшін барлық жағдай жасалған.Тәрбиешілер құжаттары толық жазылған.

Білім салалары бойынша керекті құралдар топтың жас ерекшелігі бойынша жинақталған.

Дегенмен анықталған кемшіліктер де жеткілікті екенін, дене шынықтыру құралдары ескірген,жаңалану керек, кітаптар ескірген, жыртылған. Ортаңғы топта математика оқу қызметке арналған үлестірме материалдары аз, рольдік ойын атрибуттары аз. Топтарда музыка оқу қызметіне арналған құралдар тіптен жоқ екенін, т.с.с кемшіліктердің анықталғанын айтты. Осы кемшіліктерді 20.10.2021ж дейін жоюды ескертті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері Ә. Наушанбекова былтырғы оқу жылында сәуір, мамыр айларында қашықтан оқыту бойынша мектеп алды даярлық, ересектер тобында жұмыстар жүргізілгенін, дегенмен өткізілген айлар бойынша қорытынды мониторинг жүргізілгенін айтып өтті. Қорытынды мониторинг нәтижесін бастапқы мониторинг көрсеткіші ретінде қойылғанын айтып , қорытындысымен таныстырып өтті.Мониторинг 134 баламен жүргізілді. Жалпы балабақша бойынша «Денсаулық» білім беру саласынан I -деңгей 54%, II- деңгей- 28%, III- деңгей -18 %; «Коммуникация» білім беру саласынан I- деңгей -52%, II- деңгей -30%, III- деңгей - 19%; «Таным» білім беру саласы бойынша I –деңгей-57%, II- деңгей-28%, III -деңгей 15 %; «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша I -деңгей 49%, II –деңгей-31%, III- деңгей-20%; «Әлеумет» білім беру саласы бойынша I -деңгей 50 %, II -деңгей 33%, III -деңгей 18%, көрсетті. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша ортақ көрсеткіш 46%; «Коммуникация» білім беру саласы бойынша ортақ көрсеткіш 49%; «Таным» білім беру саласы бойынша ортақ көрсеткіш 43%; «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша ортақ көрсеткіш 51%; «Әлеумет» білім беру саласы бойынша ортақ көрсеткіш 52% құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша денсаулық, таным, коммуникация салалары бойынша жұмыстарды тереңдетіп жұмыс жүргізу керектігін ескертті.

4.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Алтынбекова Рдәл қазіргі уақытта мерекелік ертеңгіліктер өткізуге рұхсат болмағандықтан күз айындағы мереке топта тақырыптық сабақ болып өткізуді ұсынды.

Сонымен бірге тәрбиешілер салауатты өмір салтына тәрбиелеу бөлімі бойынша дене шынықтыру ойын сауығы мен денсаулық күні іс-шараларының жоспарымен таныстырды. Жоспар білім салалары кіріктірілген, балалардың қатты шаршамауы ескерілген, бала жасына сай келеді. Тәрбиешілер керекті құралдар тізбесін тапсырды.

Меңгеруші толық қамтамасыз етуге уәде бере отырып, әр топ мейлінше өз топтарында өткізу керектігін ескертті.

Дене шынықтыру сауық кешін 28-29 қыркүйек күндері, Денсаулық күні 19-21 қазан күндері өткізуді ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісім берді

5.Тыңдалды жас мамандарға тәлімгер бекіту туралы меңгеруші Алтынбекова Рпікір білдірді. Балабақша бойынша жас маманға тәлімгерлік ету үшін қаражат қаралмағанын, дегенмен жас мамандарға қолдау көрсету үнемі жалғасын тауып келе жатқанын айтып өтті. Балабақшадағы жас маман Нұрсейіт Ақбота тәлімгер етіп Б.Елубаеваны белгілеуді ұсынды. Б.Елубаеваны келісім берді.

6. Тыңдалды балабақша әдіскері балабақша ішілік семинар күн тәртібімен таныстырды..

Шешім:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын. Мерзімі 20.10.2021 жылға дейін.
2. Батсапқы мониторинг қортындысы бойынша үлгілік бағдарламаны игеру- 24 %.Бұл көрсеткіш жоғарылатылсын.Мерзімі 29.12.2022 жылғы аралық мониторинг өткізілгенге дейін.
3. Ден шынықтыру сауық кеші және Денсаулық күні жобасы бекітілсін.Дене шықтыру сауық кеші 28-29 қыркүйек, Денсаулық мерекесі 19-21 қазан күндері өткізілсін. Керекті құралдармен толық жабдықталсын.
4. Жас маман Нұрсейіт Ақбота тәлімгер етіп Б.Елубаева бекітілсін.

Кенес төрайымы

Хатшысы



Алтынбекова Р

Ә. Наушанбекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2021 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 2**

07.11.2021 ж

Жиналғандар саны -9

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы: «Күн тәртібінің орындалуы»
3. «Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!» ашық тәрбие сағатының және «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық кешінің жоспарымен танысу, бекіту
4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту

1. Тыңдалды балабақша меңгерушісі А. Абзалова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына есеп берді. Балабақшада кезекші топтар қалыпты жұмыс жүргізіп отыр. Барлық санитарлық талаптар орындалуда. Топтар керекті дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге өткен кеңестегі кемшіліктердің орындалуына тоқталып өтті. Топтарда дене шынықтыру құралдары толықтырылған, кітап бұрыштары жаңартылғанын және ойын атрибуттары біршама толықтырылғанына тоқталды.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Ә. Наушанбекова «Топтардағы күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Тексеру мақсаты: топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуы, кемшіліктерді анықтау, түзету. Тексеру мерзімі: 12.10-16.10.2021 ж.

Жедел тексеру бойынша келесі топтарда күн тәртібінің талапқа сай орындалуына бақылау жүргізілді: «Айгөлек» ересек, «Балдырған» ортағы, «Қарлығаш» кіші. «Балапан» ерте жас топтарда тексеру бойынша топтарда күн тәртібін орындауда өрескел бұзушылықтар анықталмағанын, таңертеңгі қабылдау, гимнастика талапқа сай жүргізіліп жатқанын, балалар мен тәрбиешілердің қарым-қатынасы жақсы екеніне тоқталды. Дегенмен ұйқы мен серуен кезінде анықталған кемшіліктерге тоқталды. Ұйқыдан тұрғызу кешіктірілгенін, кіші топтарда ерте ұйықтап қалатын балалар болғанын, ұйқыдан біртіндеп тұрғызуда ортаңғы топта кеш ояту жағдайы анықталғанын айтып, балалармен ұйқы ашар жаттығулар мен гигиеналық процедуралардың талапқа сай жүргізілмек екендігін ескертті.

Тәрбиешілер толық келісті

3. Тыңдалды «Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!» ашық тәрбие сағатының сценариімен балабақша әдіскері Ә. Наушанбекова таныстырып өтті. Қазіргі кезде карантин жағдайына байланысты ата-аналарды балабақшаға жібере алмайтынын, бірақ балабақшаның оқу тәрбие жұмысының мерекелік жоспарына сәйкес мерекелерді атап өту керектігін ескертті. Сондықтан Тәуелсіздік мерекесіне орай кешенді тәрбие сағатын өткізуді ұсынды. Сценарийде туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүйеу екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Сонымен бірге әдіскер балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімі бойынша «Үйшіктегі күз» дене шынықтыру сауық

кешінің жоспарымен таныстырды. Сценарий балалардың бойынан театрлық - ойын қызметіне деген қызығушылық тудыруға, кез келген театрланған қойылымдарда белсенді атсалысып қатысуға бір-біріне көмек қолын созуға және достық қарым-қатынасты тәрбиелеуге жобаланған. Балалардың дене қимылын зияткерлік тапсырмамен араластыра орындауға арналған. Такпақтар, би қимылдары, ойындар бала жасына сай келетініне тоқталды. Сонымен бірге керекті материалдармен таныстырды.

Балабақша меңгерушісі керекті материалдармен толықтыруды шаруа меңгерушісі мен мейірбикеге тапсырды. Ойын скауықты 25.11.2021 ж өткізуді ұсынды.

Қызметкерлер толық келісті.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценариімен балабақша музыканты таныстырды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға сұлулық сөздері таңғажайып сөздерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 28-29-30.12.2021 ж өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісім берді.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2. «Күн тәртібінің орындалуы» жедел тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Анықталған ескертулер түзетілсін, орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.

3. «Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймыз!» тәрбие сағаттары ересек және мектеп алды даярлық тобында өткізілсін. Мерзімі 15.12.2021 ж

«Үйшіктегі күз» дене шынықтыру ойын сауығы жоспары бекітілсін. 25.11.2020 ж өткізілсін.

Керекті құралдармен қамтамасыз етілсін. Жауапты шаруа меңгерушісі, мейірбике.

4. «Жаңа Жыл жарқын болсын!» ертеңгілік сценарилері бекітілсін. 28-30.12.2021 ж күндері өткізілсін. Ата-аналар ертеңгілікке жіберілмесін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А. Абзалова

Ә. Наушанбекова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 3**

15.01.2022 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. МЖББС, жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау мониторингін талқылау.
3. Дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс!» жоспарын бекіту
4. «Менің анамның мерекесі» мерекелік ертеңгіліктің сценаріімен танысу, бекіту.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. «Тәуелсіз күнімен құттықтаймыз» тәрбие сағатының өтілуіне тоқталды. Балабақша безендірілуі талапқа сай. Балаларға арналған тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен оындады. Балаларға Отанды сүю, туған өлкеге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Қазақстанның рәміздері туралы білім беру жұмыстары жүргізілді. Тәрбие сағатының мақсаты орындалды деп бағаланды.

Сонымен бірге Жаңа жыл мерекесінің өтілуіне тоқталды. Жаңа жыл мерекесі балалар үшін қызықты, таңғажайыптарға толы мереке. Топтарда «Жаңа жыл» мерекесі өте қызықты өтті. Балалар қызыға қатысты. Сахналау және таңғажайып қызықтар балалар белсенділігін арттырды. Әндер мен тақпақтар бала жасына сай даындалған. Балалар әндерді таза әрі мәнерлі орындады. Дегенмен «Балапан» кіші топтарда балалар әнді орындау кезінде алаңдаушылық болғанын, ертеңгілік шулы болағанына тоқталып өтті.

Дей тұрғанмен балабақшада жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалауға болатынын айтты.

Тәрбиешілер келісетіндіктерін білдірді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері балабақшада өткен аралық мониторингтің қорытындысымен таныстырды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұның игеруі бойынша «Айгөлек» ересек топта -41%, «Ортағы» ортаңғы топ-35%, «Қарлығаш» кіші топ-33%, «Балапан» ерте жас топта -33% болғанын, балабақша бойынша - 37% болғанын айтып, алдағы уақытта бұл көрсеткішті көтеруге тапсырма берді. Тәрбиешілер толық келісім берді.

3. Тыңдалды балабақша тәрбиешілерінің салауатты өмір салты бойынша дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс» жоспары. Барлық топта жаттығулар, жарыстар жобаланған. Тәрбиешілер мерекеге керекті материалдарды жеткізіп беруді ұсынды.

Меңгеруші келісім берді және ақпан айында өткізуге ұсыныс берді.

4.Тыңдалды балабақша музыкантының «Менің анамның мерекесі » мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері.Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған.Балалардың ертеңгілікке кіруі және аналар мен қыздарға сыйлық сыйлау сәттері таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды.Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді.Ертеңгілікті 4.03. және 5.03.2022 өткізуді ұсынды.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Аралық мониторинг көрсеткіші -37,2%. Балалардың білім білік дағдыларын көтеру бойынша жұмыстар үздіксіз жүргізілсін.
3. Дене шынықтыру мерекесі «Сәлем Көктем, қош бол Қыс» жоспары бекітілсін. Керекті құралдармен қамтамасыз етілсін жауапты Шаруа меңгерушісі, мейірбике. Мереке 15.02.2021 ж өткізілсін.
- 4.«Менің анамның мерекесі» ертеңгілік сценарийі бекітілсін. Ертеңгілік 4-5.03.2022 ж күндері өткізілсін.Ертеңгілікке ата-аналар қатыстырылмасын. Ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А.Абзалова

Сейіт Б

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 4**

10.03.2022 ж

Жиналғандар саны -10

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру қорытындысы «Күннің II жартысын өткізу».
3. «Наурыз жұлдыздары» мерекелік ертеңгіліктің сценариймен, «Көктем толы мереке» тәрбие сағаттарының жоспарымен танысу, бекіту
4. «Спорт жұлдыздары» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі А Сапарбаева көктемнің алғашқы мерекелеріне балабақшаның дайындығын талқыға салуды ұсынды. Қызметкерлерін пікірін тыңдап, ойымен бөлісті. Балаларға қажетті құрал - жабдықтармен қамтамасыз етуді балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Б Асубаевқа тапсырды. Қызметкерлердің оны мүлтіксіз орындауы керектігін айтты. Сонымен бірге топ бөлмелерінде тамаққа дейін және кейін үстелді сабынды ыстық сумен жуу, Таңбаланған ыдыстардағы ойыншықтарды өңдеуді күн соңында бір рет ортаңғы және ересек топтарда, ерте жас және кіші топтарда күніне екі рет өткізу керек, ол бірақ толыққанды жүргізілмей жатқанын байқағанын ескертті. Сонымен бірге топтарды және, музыка залын желдету 10 минут, ұйқы алдында жатын бөлмені 30 минут желдету керектігін қайта ескертетінін айтты. Педагогтарға көмекші тәрбиешілерді басқарып, талаптарды толыққанды орындау керектігін қадап айтты.

Сонымен бірге балалардың дені сау мықты болып өсуі үшін тәрбиешілерге серуендеу ұзақтығын арттыруға, ал жақсы ауа-райында сабақтың бір бөлігін аулада өткізуге кеңес берді. Балалардың киіну-шешінуіне көп уақыт жұмсамау туралы тәрбиешілерге кеңес берді.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері өткен бақылаудың қорытындысымен таныстырды.Әдіскер балабақша жұмысы күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Яғни ұйқыдан кейін балалардың көңіл-күйін үйлестіру,ұйқы ашар жаттығулар, денсаулық жолдары жүйелі жасалып жатқанын, бесін тамақтан кейінгі бос уақыттарды жобалау тақырыптары әр алуан екеніне тоқталды. Мысалы ересек топтарда шаруашылық тұрмыстық еңбек: ойыншықтарды тазалау, жөндеу, бұрыштарды тазалау т.с.с жүргізілсе, кіші топтарда театр көрсету, қыстырғыштармен ойындар, мультфильм көру жобаланғанын айтты. Сонымен бірге ертегі тыңдау, бейнелеу бұрышындағы жұмыстар мен балалардың қолын жазуға үйрету, тақпақтарды қайталау ересек топтарда жиі өткізілетінін ескертіп, жұмыс түрлерін түрлендіруді, ортаңғы топ пен ересек топта вариативті компонентті талапқа сай жобалау керектігін ескертті.

Тәрбиешілер бұл ескетудің орынды айтылғанын мойындап, түзетуге уәде берді. Сонымен бірге әдіскер «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілік бұқаралық іс-шараларға рұхсат жоқ болғандықтан қашықтан өткізілу форматында өткізілгенін, балалардың қатысу белсенді болғанын айтып өтті. Ертеңгілік мазмұны бала жасына сай таңдалған, тапқартар, әндер, билер және сахналық қойылымдар жобаланғанын айтып өтті.

Тәрбиешілер ертеңгілікті безендіруге және балаларға сыйлықтарға керекті заттармен қамтамасыз еткені үшін балабақша әкімшілігіне рахметін айтты.

3. Тыңдалды балабақша музыканты А Сапарбаева «Қош келдің әз -Наурыз» ертеңгілік сценариймен таныстырып өтті. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийлері бала жасына сай жобаланған. Ертеңгілікте сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі ұлттық салт дәстүрлер таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 17.03.2022 өткізуді ұсынды. Меңгеруші толық келісті.

4. «Дені саудың- жаны сау» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекіту бойынша әдіскер тыңдалды. Балабақшаның жылдық жоспарында салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімін орындау мақсатында ортаңғы және ересек топтарда дене шынықтыру ойын сауығы жобаланғанын, онда балалардың дене шынықтыру оқу қызметінде игерген қимылдарын нақтылау мақсатында ойындар жобаланғанын түсіндіріп өтті. Ойындар бала жасына сай жобаланған. Ойын сауыққа керекті құралдар толыққанды дайындалу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толыққанды дайындалуға келісім берді.

Шешімі:

1. Балабақшада санитарлық талаптар қатаң сақталсын. Балалардың серуендеу уақыты арттырылсын.

2. Күннің II-жартысын ұйымдастыру шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескертулер орындалсын. Мерзімі тұрақты.

3. Балабақшадағы ертеңгіліктер қашықтан өткізу форматында өткізілсін. Ата – аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілсін.

«Қош келдің әз -Наурыз» 17.03.2022 ж өткізілсін. Керекті құралдармен толық қамтамасыз етілсін. Жауапты меңгеруші А Сапарбаева

4. «Дені саудың- жаны сау» дене шынықтыру ойын сауығы жобасын бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А Сапарбаева

А.Абзалова

**ЖШС «Аққайың» балабақшасы меңгеруші жанындағы
2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының
хаттамасы № 5**

15.05.2022 ж

Жиалғандар саны -9

Күн тәртібі

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Шолу тексеру: «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы»
3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту
4. МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортынды мониторингін талқылау.

1. Тыңдалды балабақша әдіскері өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Күннің II-жартысын өткізу шолу тексеру бойынша ескертулер толық орындалып жатқанын, балалармен өткізілетін іс шаралар тақырыптары түрлендірілгенін, топтарда вариативті компонент жүйелі жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Сонымен бірге «Дені саудың-жаны сау» дене шынықтыру ойын сауығы балабақшада өз дәрежесінде аталып өткенін, қызметкерлер өздерін бекітілген міндеттерін толық орындап, ойын сауықтың өтуіне жақсы атсалысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балалар қатысуы да белсенді болғанын, қуана қатысқанын айтып, тәрбиешілерге ризашылық білдірді.

Сонымен бірге «Менің анамның мерекесі» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды.

Мектеп алды және ересек топтарда мерекелік ойын сауықтың өткізілу сапасы қанағаттанарлық, мерекелік ертеңгілік балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сәйкес келетінін, ертеңгілікте жеке және хор ән айту, ойындар мен тосын сәттер жақсы жобаланған, балалардың ән орындауы таза, көтеріңкі көңіл күйде. Ертеңгілікте қыздарды сыйлау, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу мақсаты орындалды.

Ортаңғы «Балдырған» тобында ертеңгілікте балаларға қолайлы эмоциялық және психологиялық жағдай жасалған, балалар әндерді орындауы таза, әнді бірге бастап, аяқтай алады, тақпақтарды 50% бала интонацияны сақтап айта алды. Тәрбиеші сценерий мазмұнын жаттап алған. Ертеңгілік бөлімдерін бірінен соң бірін ауыстыруында кедергілер болған жоқ. Ертеңгілік балаларға эмоционалды көңіл күй сыйлады. Ертеңгілік өтілуі қанағаттанарлық деп бағалады.

Сонымен бірге «Қош келдің әз-Наурыз» ертеңгілігі балабақшада талапқа сай өткізілгенін, балаларды туған елін, дәстүрін сыйлау бағдарлама талаптарына сай өткізілгенін айтып өтті. Наурыз айындағы ертеңгіліктер ата-аналарға ватсап желісі арқылы көрсетілгенін, ата-аналар кері байланысқа шығып өз алғыстарын білдіргенін айтып, ата-аналармен жұмысты жандандыруға кеңес берді.

Тәрбиешілер қуана келісті.

2. Тыңдалды балабақша әдіскері Ө. Наушанбекова «Балаларды шынықтыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырды. Топтарда балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларының жүйелі жүргізіліп жатқанын, санитарлық талаптар сақталатынына тоқталды. Топтарда балаларды таза ауада қабылдау, топтарды желдету. Ұйқыдан кейін денсаулық жолдарымен жүру, таңертеңгілік гимнастиканың өтілулері қанағаттанарлық екеніне тоқталды. Дегенмен балаларды мольнан

жуындыру, нүктелі массаж, фитонцидтер (пияз, сарымсак), жалпақтабандылық аз жобланатынын ескертті. Топтарда шынықтыруға арналған құралдар түрлері аз, бала санына жеткіліксіз екенін айтып, шынықтыру құралдарының дәстүрлі, дәстүрден тыс құралдарын көбейтуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келісім берді

3.Тыңдалды балабақша музыканты А. Ауезова «Құлпырған жаздың алғашқы күні» Балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды.Мерекелік кеш ойындар, сюрприз сәттерге толы жобаланған.Сонымен бірге В.Тажибаева ойын нәтижелеріне қарай балаларға сыйлық беруге қаржылай көмек сұрады.

Меңгеруші келісім берді, сонымен бірге 1 маусым күні мерекелік дастархан жаятынын мәлімдеді.

Тыңдалды «Мен мектепке барамын» ертеңгілік сценариймен А Сапарбаева таныстырып өтті. Ертеңгілік балалардың жылдар бойы алған білімдері негізделіп жобаланған. Балаларға өскен ұясын сыйлауға, үлкендердің еңбегін құрметтеуге, білімдерін ортаға көрсете білуге,туған өлкесін, Отанды сыйлауға білім беруге негізделген сценарий құрылғанын, балаларға естелік сыйлық жасауға меңгерушіден көмек керек екенін айтып өтті.

Меңгеруші ертеңгілік сценарийін бекітіп, қаржылай көмек беруге келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері МЖББС жаңа бағдарлама және мониторинг негізінде балалардың білім алу дағдыларын анықтау қортынды мониторинг көрсеткіштерін талқылады. Мониторинг кіші тобынан басталып, ересек топқа дейін жүргізілді. «Қарлығаш» кіші топта- денсаулық б/с-40, қатынас б/с-38%,таным б/с-35%, шығармашылық б/с-36%; ортаңғы топта- денсаулық б/с-55 %, қатынас б/с-45%,таным б/с-40%, шығармашылық б/с-45%, әлеумет б/с-42%, ересек топта- денсаулық б/с-60%, қатынас б/с-46%,таным б/с-50%, шығармашылық б/с-55%, әлеумет б/с-50%;

Топтар бойынша білімді игеру проценті «Қарлығаш» кіші топ-37%; «Балдырған» ортаңғы топтарда -34,4%; «Айгөлек» ересек топ-52,2%; Балабақша бойынша бағдарламаны игеру - 47,4% болғанын, бұл көрсеткіш жақсы екенін айтып, педагогтарға келесі жылы да биік нәтижелерге жете беруге тілек білдірді.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балаларды шынық тыру шараларының жүйелі өтілуі және оған арналған құралдар сапасы» шолу тексеру қорытындысы бойынша айтылған ескерту мен ұсыныстар орындалсын. Мерзімі- 01.06.2022ж дейін. Жауапты тәрбиешілер.
3. «Құлпырған жаздың алғашқы күні» балаларды қорғау күніне арналған сценарий бекітілсін. Балаларға арналған сыйлықтар мен керекті материалдармен қамтамасыз етілсін.жауапты шаруа меңгерушісі
- Сол күнге арналған мерекелік дастарханға арналған ас мәзірі дайындалсын.Жауапты мейірбике Г.Бейсенова
- «Біз мектепке барамыз» балаларды шығарып салу ертеңгілік сценарий бекітілсін.Ертеңгілік 3.06.2022 ж өткізілсін. Балаларға арналған естелік сыйлықтарға қаржылай көмек меңгеруші А Сапарбаева жүктелсін.
- Балабақшадағы мерекелік іс шаралар ата-аналардың қатысуынсыз өткізілсін.
- 4.Балабақша бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму мониторинг көрсеткіші- 47,2% .

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А.А.Абзалова

Ә.Наушанбекова